Учитывая особый характер строгости последствий при прекращении действия лицензии для деятельности хозяйствующих обществ, суды выработали однозначный подход к оценке обоснованности и соразмерности применяемых мер административного воздействия. Отмечая важность защиты предпринимательской свободы и экономических прав, Конституционный Суд

в Постановлении от 25 февраля 2014 г. № 4-П отметил необходимость недопущения применения мер административной ответственности, сопровождающихся такими существенными обременениями, которые могут оказаться для хозяйствующих субъектов непосильными и привести к самым серьезным, вплоть до вынужденной ликвидации, последствиям.

Кроме того, важно учитывать причину (основание) применения публично-правовой санкции в виде прекращения действия лицензии на использование недр, в настоящем случае – нарушение условий переоформления лицензии, предусмотренных статьей 17.1 Закона «О недрах». Данное основание можно отнести к безусловным основаниям прекращения лицензии (подпункты 1-5 части 1 статьи 20 Закона «О недрах»), т.е. не предполагающего возможности ее приостановления и переоформления. Иными словами, данное основание может применяться лишь к новообразованным юридическим лицам, а не к юридическим лицам, которые осуществляли деятельность на основании лицензии. Иными словами, если административный орган ранее выдал лицензию, а в отношении юридического лица проводились контрольно-надзорные мероприятия, то прекращение действия лицензии по пункту 4 части 1 статьи 20 Закона «О недрах» не представляется возможным. В том случае, если данная мера применяется в отношении лица, которое имеет действующую лицензию, то она является лишь правоограничением в целях рационализации деятельности государственного органа, что недопустимо по смыслу Определения Конституционного Суда РФ от 17 октября 2006 № 447-О.

На основании рассмотренного примера прекращения действия лицензии на использование недр, следует сделать несколько выводов:

Во-первых, широко применяемая в различных отраслевых отношениях публично-правовая санкция, является ничем иным, как одним из видов последствий нарушения или несоблюдения обязательных требований, которое выявляется в рамках государственного контроля (надзора). Стоит также учитывать, что «отсутствие необходимости в государственном принуждении при обеспечении управленческого воздействия не исключает применения принуждения в результате такого воздействия» [2, с. 13-14]. Во многом это обеспечивается благодаря колоссальному принудительному потенциалу норм административного права [5, с. 28-35].

Во-вторых, с учетом положений Федерального закона от 31 июля 2020 г. № 247-ФЗ «Об обязательных требованиях в Российской Федерации» большинство отклонений от содержащихся в нормативных правовых актах требований, которые связаны с осуществлением предпринимательской и иной экономической деятельности и сопряжены с риском причинения вреда (ущерба) охраняемым законом ценностям, следует считать основанием для применения публично-правовой санкции. В связи с этим, можно сделать вывод о том, что публично-правовые санкции выступают в качестве инструмента (средства) административно-правового воздействия.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Агапов А.Б. Имущественные споры в административном судопроизводстве // Административное право и процесс. - 2019. - № 9. - С. 20-25.
- 2 Домченко А.С. К вопросу о «нетипичных» административных актах // Вестник Уральского финансово-юридического института. – 2015. – № 1. – С. 11-17.
- 3 Жамбиева Е.М. Система административных наказаний и их классификация // Административное право и процесс. - 2006. - № 1. – С. 25 – 29.
- 4 Ноздрачев А.Ф. Административная разрешительная система в Российской Федерации: актуальные теоретические и практические вопросы функционирования // Законодательство и экономика. - 2014. - № 2. – С. 5-36.
- 5 Осинцев Д.В. Принудительный потенциал норм административного права // Вестник Уральского юридического института МВД России. - 2020. - №. 3 - С. 28-35.
- 6 Экономический анализ права / А. Г. Карапетов. – М.: Статут, 2016. - 527 с.

МЕХАНИЗМ СЛЕДОБРАЗОВАНИЯ ПРЕТЕКСТИНГА

Старостенко Н.И.

адъюнкт кафедры криминалистики
Краснодарский университет МВД России

В результате совершенствования информационных технологий их применение становится мобильным и производительным, все больше информации создается и хранится в общем доступе, в том числе и персональные данные. Это позволяет преступникам совершать мошеннические действия, используя конфиденциальные сведения пользователей. Понимание названных проблем чрезвычайно важно, так как они обусловлены возникновением определенных условий, которые способствуют стремительному развитию информационно-телекоммуникационных технологий, что позволяет обоснованно ожидать дальнейшего нарастания масштабов рассматриваемой преступности в последующие несколько лет.

Согласно статистическим данным о состоянии преступности в России, за последние месяцы обращается внимание на рост масштабов преступлений, совершенных в информационно-телекоммуникационной сфере, где неправомерное завладение персональными данными является основным мотивом мошенников для атак [1].

Наибольшую популярность среди преступлений, совершенных с использованием информационно-телекоммуникационных технологий, набирают мошенничества с применением методов социальной инженерии.

Под такими преступлениями необходимо понимать виновные противоправные общественно опасные деяния, выраженные в совокупности психологических способов влияния на сознание людей, а также побуждающие их совершать определенные действия по предоставлению мошеннику персональных данных или иных конфиденциальных сведений для достижения последним корыстного результата.

С распространением смартфонов, планшетов и точек доступа участились атаки социальной инженерии на мобильные устройства с использованием техники претекстинг.

Безусловно, анализируя представленную проблему, важно подчеркнуть, что основными источниками установления криминалистически значимой информации о виновных лицах по таким преступлениям являются следы. Благодаря названной информации, органы предварительного следствия получают данные о событии преступления, позволяющие установить и изобличить преступника. Ввиду этого, изучение механизма образования следов преступления и работа следователя (суда), связанная с их обнаружением и анализом, составляют основу науки криминалистики.

Отметим, что российский криминалист Р.С. Белкин под механизмом слеодообразования понимает процесс, конечная фаза которого представляет собой образование следа-отображения. Элементами названного процесса являются объекты слеодообразования такие, как слеодообразующий, световоспринимающий, вещество следа и следовой контакт как результат взаимодействия между ними вследствие приложения энергии к объектам слеодообразования [2, с. 61]. С.М. Потапов, рассматривает следы как отражения на материальных предметах признаков явлений, причинно связанных с расследуемым событием [3, с. 25].

Прежде чем рассмотреть механизм слеодообразования претекстинга, охарактеризуем данную технику социальной инженерии как способ мошенничества.

Анализируя претекстинг в качестве техники социальной инженерии, необходимо подчеркнуть, что данная мошенническая схема представляет собой незаконное получение паролей, логинов жертв от мобильного банка, социальных сетей, электронных почтовых ящиков, пин-кодов кредитных карт и др. Это достигается осуществлением мониторинга, анализа и сбора информации о потенциальной жертве из доступных источников в интернете. Объективная сторона данного деяния выражена в действии, предполагающем обращение к жертве по телефону с заранее подготовленным сценарием (текстом). Нередко мошенник использует эту психологическую технику для получения от жертвы недостающих сведений и персональных данных, позволяющих ему успешно похитить электронные денежные средства. Например, злоумышленник представляется сотрудником банка и указывает на то, что с карты осуществлен несанкционированный платеж. В результате психологического воздействия и неожиданной новости об угрозе списания денежных средств зачастую жертва, оказавшаяся в названной ситуации,

скорее всего, сообщит свои конфиденциальные сведения злоумышленнику. Кроме того, в наши дни в основном во всех банковских организациях сотрудники при обращении просят назвать код из смс для подтверждения той или иной операции либо CVV-код. В связи с этим у людей формируется мнение, что сообщать персональные данные по телефону в виде предоставления кода из смс или CVV-кода это безопасно.

В данной мошеннической схеме злоумышленники не всегда представляются специалистом из банка, иногда они указывают на сотрудника органа, который может внушить авторитет конкретному человеку, в зависимости от сложившейся ситуации (сотрудник службы безопасности, и прокуратуры, и пенсионного фонда и даже покупатель по объявлению).

Далее рассмотрим механизм слеодообразования данной техники социальной инженерии как метода мошенничества.

К материальным следам претекстинга относятся следы-предметы: персональный компьютер, устройства, предназначенные для хранения данных, а также устройства для ввода и вывода информации, смартфоны, сетевые аппаратные средства (серверы, сетевые кабели), детали электронных устройств, документы, рукописные и машинописные записи конфиденциальных сведений, данные банковских карт потенциальных жертв. Добавим, что наиболее важными следами-предметами являются запоминающие устройства и носители данных, а именно: микросхемы памяти, магнитные и лазерные диски, магнитные ленты, флеш-карты. Письменные документы, рассматриваемые в качестве следов-предметов, помогают уточнить социальные качества подозреваемого лица, его род занятий, психофизиологическое состояние, уровень образования, а также стиль письменной речи.

При рассмотрении идеальных следов техники претекстинг мы пришли к выводу, что основными источниками идеальных следов являются показания потерпевшего, специалиста, эксперта, а также самого подозреваемого (обвиняемого).

В процессе анализа показаний эксперта о результатах проведения фоноскопической экспертизы по взятому образцу голоса предполагаемого виновного можно идентифицировать личность мошенника, распознать особенности его голоса и речи.

Кроме того, при исследовании показаний, полученных от эксперта по результатам судебно-психологической экспертизы, можно диагностировать индивидуальные психологические особенности личности потерпевшего (повышенной внушаемости, растерянности, а также других качеств субъекта, способных влиять на его поведение в момент преступления).

Идеальные следы в памяти жертвы представлены в виде показаний, описывающих криминальную деятельность мошенника по предложению помощи, получению учетных или банковских данных, секретных кодов, отправленных банком. Показания потерпевшего, вероятнее всего, будут свидетельствовать о том, что допрашиваемому лицу было трудно определить,

в какой момент он стал жертвой претекстинга. Зачастую пользователи не догадываются о реальных намерениях звонящего человека, полагая, что доброжелательный специалист оказывает правомерную услугу. В результате анализа показаний потерпевшего лица можно получить идеальные следы, констатирующие о речевых особенностях звонящего, тембре голоса, характере требования или просьбы. Данные сведения помогут дать некоторую характеристику внешности и образа виновного человека.

Электронно-цифровыми следами претекстинга являются:

- цифровые фонограммы звукозаписи разговоров мошенника с жертвами;

- информация о лице, на которое зарегистрирован абонентский номер, используемый в процессе совершения преступления;

- информационные следы на машинных носителях оператора связи, данные номера телефона, сведения о датах и времени сеанса связи, журналы, фиксирующие сеансы связи в мобильном устройстве, информация о соединениях абонентах и (или) абонентских устройствах;

- оставленные или восстановленные в памяти технических средств или жестких дисков фото и видео файлы, цифровые заметки, электронные письма;

- электронная база данных, содержащая копии документов потенциальных жертв;

- электронные файлы, содержащие сценарий (текст) по неправомерному получению конфиденциальной информации;

- информация в веб-браузере компьютера или сотового телефона преступника со ссылкой, историями посещения веб-сайтов, доказывающими способность злоумышленника осуществлять сбор и анализ конфиденциальных сведений потерпевшего.

При расследовании дел данной категории требуется анализировать способ передачи потерпевшим денежных средств преступнику. Незаконное получение электронных денежных средств осуществляется с помощью перевода средств на счет мобильного телефона мошенника, либо перевода на его банковский счет, зачисления денег на счет электронного кошелька, созданного злоумышленником для корыстных целей. Таким образом, необходимо приобщать к материалам дела данные об отправителе и получателе денежных средств, а также выписки и справки, фиксирующие движение денежных средств.

Резюмируя изложенное и дополняя криминалистическое изучение механизма образования материальных, идеальных и электронно-цифровых следов претекстинга, совершенного с использованием методов социальной инженерии, полагаем необходимым сделать следующие выводы:

1. Традиционные материальные и идеальные следы, а также электронно-цифровые следы составляют следовую картину претекстинга и позволяют определить способ, время и место совершения преступления, получить представление об орудиях и средствах достижения преступного результата.

2. Материальные следы претекстинга в основном представлены техническими средствами, которые являются следами-предметами такими, как сотовые телефоны, персональные компьютеры, периферийные устройства. Важной особенностью названных объектов является то, что на них могут оставаться следы-отображения: следы отпечатков пальцев рук, следы пота, слюны, запаховые следы, следы ушных раковин и др. Также было установлено, что материальные следы, в частности следы-предметы, являются источником электронно-цифровых следов и другой криминалистически значимой информации, которая обнаруживается следователем, специалистом, экспертом путем их исследования и детального изучения.

3. Было установлено, что мошенники, эксплуатируя доверчивость и невнимательность жертвы, часто оказывают на нее психологическое воздействие, используя приемы, вызывающие у человека определенные эмоции, например, страх, превосходство, великодушие, или просто интерес в совершении конкретных действий. Было также выявлено, что высокая эмоциональная приверженность способствует успеху применения социальной инженерии. Исследуя специфику совершения преступлений данной категории, мы пришли к выводу о том, что запечатлеть в памяти внешний облик мошенника, в связи с дистанционным характером совершения преступления, потерпевшему не представляется возможным.

При расследовании мошенничества рассматриваемого вида могут возникнуть проблемные вопросы, так как информации, полученной от потерпевшего недостаточно. В силу удаленных противоправных действий злоумышленника, изобличить виновного становится весьма непросто. Именно поэтому, в процессе раскрытия и расследования, а также доказывания по уголовным делам обозначенной категории криминалистически важны и существенны электронно-цифровые доказательства, оставленные в виртуальном мире.

4. Электронно-цифровые следы могут способствовать в раскрытии механизма совершения претекстинга, выявлении последовательности его совершения, предоставлении следствию информацию о случившемся, опровержении или подтверждении показаний потерпевших, свидетелей и идентификации вероятных подозреваемых.

В дополнении к сказанному, требуется отметить растущую потребность в квалифицированных специалистах, обладающих навыками сохранения электронно-цифровых следов и умениями извлечения из таких следов полезной информации, позволяющей интерпретировать ее для понимания ключевых аспектов рассматриваемого мошенничества. Данная потребность обуславливается тем, что электронно-цифровые следы часто становятся упущенными из вида следователем, либо остаются собранными с различными нарушениями правил обращения с такими следами и анализируются правоохранителями неверно. А недостатки, возникающие в процессе обнаружения, исследования, а также сбора электронно-цифровых следов, представляют угрозу для эффективного расследования, предотвращения

преступлений, задержания или преследования подозреваемых (обвиняемых). Именно поэтому, по нашему мнению, так необходимо криминалистическое изучение механизма слеодообразования подобных преступлений, а также развитие цифровой криминалистики, освещающей вопросы, касающиеся следственных аспектов обработки виртуальных следов.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Официальный сайт МВД // <https://мвд.рф/reports/item/22678184/> (дата обращения 11.01.2021 г.)
- 2 Белкин Р.С. Курс криминалистики: в 3-х т. Т. 2: Частные криминалистические теории. - М.: Юристъ, 1997. - 310 с.
- 3 Потапов С.М. Введение в криминалистику. - М., 1946. - 455 с.

ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ЖҮЙЕСІН ЖАҢҒЫРТУ ШЕҢБЕРІНДЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ

Тағай Н.Қ.

магистрант, полиция аға лейтенанты

Хакимова И.С.

ОӨО оқытушы-әдіскері, полиция капитаны

Қазақстан Республикасы ІІМ ІІІ Қабылбаев атындағы Костанай академиясы

Құқық қорғау жүйесін жаңғырту шеңберінде Қазақстандағы құқық қорғау қызметін бағалау кезінде құқық қорғау қызметі, ең алдымен, ішкі органдары істер органдары (бұдан әрі -ІО) қызметі процесінің сыртқы ортасында жүріп жатқан процестерге өзінің ықпал ету қабілетімен сипатталатынын ескеру қажет. ІО-дағы құқық қорғау қызметін ішкі басқарудың негізгі мақсаты оларды қоғамдық тәртіпті сақтау және қылмысқа қарсы күрес жөніндегі міндеттерді орындауға ұйымдастыру болып табылады. Бұл ІО-дағы құқық қорғау қызметінің ішкі ұйымдастырушылық мақсаттарының мазмұны мен сыртқы мақсаттардың алдын ала айқындалғанын көрсетеді.

Демек, бұл ішкі істер органдарындағы қызметтің тиімділігін анықтаудың әдіснамалық негізі, оның қоғам дамуының нақты заңдылықтарында және сыртқы ортаға байланысты көрінетін әлеуметтік даму ерекшеліктерін ескере отырып, оның қоғамның барлық салаларымен байланысын бір уақытта қарастыру. Бұл м туралы, оның әсерін ескеру қажет жұмыс істеуіне ІО-ның қоршаған ортаның шарттары. Бұл тәсілді М. М. Дикажевтың жұмысында атап өтеміз, ол таным әдіснамасы интегралдық болып табылады және таным принциптерін, әдістерін, құралдарын, теориялық және дүние танымдық тұжырымдамаларды қарапайым қорытындылау емес, өзара байланысты әлеуметтік факторлардың бүкіл жиынтығын ескеру және қарастыру болып табылады [1].

Бағалау кезінде құқық қорғау қызметі мемлекеттің заңдылық пен құқық тәртібін, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі өз функцияларын іске асыру жөніндегі мемлекеттің міндеттерін орындауға қабілетті жоғары кәсіби кадрлық ядро құруды талап ететін қызмет түрлерінің бірі болып саналатынын ескеру қажет. ПО-дағы құқық қорғау қызметі қоғамдық пайдалы қызметті қамтамасыз етеді, оны мемлекеттік құрылымдардағы Мемлекеттік қызмет ретінде ғана емес, сонымен қатар мемлекеттің, қоғамның және адамның құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін объективті іске асыруға бағытталған Зияткерлік қызмет ретінде де қарастыруға болады деп саналады. Сонымен қатар, ПО-дағы құқық қорғау қызметі жалпы және арнайы қасиеттерге ие.

Қазақстан Республикасындағы барлық мемлекеттік қызметке тән құқық қорғау қызметінің жалпы қасиеттері:

- құқық қорғау қызметі шеңберіндегі заңдылық;

- адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының басымдығын мойындаудың міндеттілігі, оны сақтау және қорғау;

- азаматтардың ПО мемлекеттік қызметіне қатысуға тең қол жеткізуі;

Құқық қорғау органдарының қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мақсаты – заңдарды қорғау қоғам мен мемлекеттің, азаматтардың, кәсіпорындардың, ұйымдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, құқықтық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Құқық қорғау қызметіне он сегіз жасқа толған, өздерінің іскерлік, моральдық, жеке, кәсіби қасиеттері, білім деңгейі, дене бітімінің дамуы және денсаулық жағдайы бойынша өздеріне заңмен жүктелген лауазымдық міндеттерді орындауға қабілетті Қазақстан Республикасының азаматтары ерікті негізде қабылданады. ПО-да құқық қорғау қызметіндегі адамдар, тұтастай алғанда, мемлекеттік қызметтің осы түріне тән айқын бағыттылығы бар арнайы сипаттағы қасиеттерге ие. Бұл қасиеттер олардың кәсіби қызметі арқылы көрінеді.

ПО-дағы қызмет, атап айтқанда:

- оларға жүктелген нақты өкілеттіктер кешені, мысалы, мыналарды қамтуы мүмкін: атыс қаруын, физикалық күшті немесе басқа арнайы құралдарды қолдануды;

- қызмет түрінен туындайтын құқықтар мен міндеттердің ерекше кешенін;

- олар мәжбүрлеумен байланысты және қылмыспен күреске бағытталған;

- ішкі істер органдарының алдында тұрған міндеттерді іске асыруға бағытталған дербес мемлекеттік жүйені;

- ПО қызметкерлеріне қойылатын талаптарды;

- қызметкерлер мен ПО-ның және т. б. жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету кепілдіктерімен қамтамасыз етеді.

Осының барлығы бізге заңға қатаң сәйкестікте заңдық ықпал ету шараларын қолдану жолымен Арнайы мемлекеттік органдардың қызметі

ретінде қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы құқық қорғау қызметін айқындауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы құқық қорғау қызметі институты қазіргі уақытта тұрақты жетілдіру және реформалау процесінде екенін атап өткен жөн. Ең бастысы-мемлекеттік қызметтің ұйымдастыру институтына қойылатын талаптардың артуы, тұтастай алғанда, құқық қорғау органдарында қазіргі заманғы ұйымдастырушылық-құқықтық нормаларды дамыту. Оның маңыздылығы мемлекеттің құқықтық жүйесін қоғамдық құқықтық тәртіп пен қылмысқа қарсы іс-қимыл тұрғысынан дамыту ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ұдайы назары мен қамқорлығының объектісі болып табылатындығына да байланысты.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Құқық қорғау жүйесін одан әрі жаңғыртудың 2014-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде реформалау жүргізілуде (Ел Президентінің 2014 жылғы 31 желтоқсандағы № 720 Жарлығымен бекітілген). Жаңғыртудың мақсаты елдің құқық қорғау жүйесін жаңарту жолымен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ мемлекет пен қоғамның заңды мүдделерін тиімді қорғау болып табылады [2].

Бағдарламада нысаналы индикаторлардың аралық мәндері көзделмегеніне назар аудару қажет, бұл оны 2018 жылға дейінгі есепті кезеңде бағалау мүмкіндігін қиындатады.

2014-2020 жылдарға арналған құқық қорғау жүйесін одан әрі жаңғыртуға бағытталған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламасында Мемлекет пен қоғамның заңды мүдделерін, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын тиімді қорғауды қамтамасыз етуге барлық құқық қорғау жүйесін жаңарту жолымен ғана қол жеткізуге болатындығы атап өтілді[2]. Бұл бағдарлама мемлекеттің жаңа саяси бағытын айқындаған «Қазақстан-2050 Стратегиясын» орындау үшін әзірленді.

Бұл бізге осы жүйеде, көбінесе ұйымдастырушылық және заңнамалық жоспардағы проблемалар бар екенін түсінуге мүмкіндік берді, бұл қоғамдық сенім мен ішкі істер органдарының қызметтері сапасының төмен көрсеткіштеріне әкелді, онсыз заңнаманы және қызметті ұйымдастыруды тиімді жетілдіруді қамтамасыз ету мүмкін емес.

Бұл ретте, құқық қорғау органдарын күшейтуге және нығайтуға бағытталған ешқандай реформалар, егер елде дамыған құқықтық мәдениет болмаса, тиісті табысқа жете алмайтынын, ал ел азаматтарының қолданылып жүрген заңдарды саналы түрде түсінетінін және сақтауға мүдделілігін түсіну керек.

Нысаналы индикаторды бағалау – «2021 жылы азаматтардың құқық қорғау органдарына сенім деңгейі 60-тан төмен болмайды».

Зерттеу барысында қазіргі уақытта Қазақстанда азаматтардың ішкі істер органдарына деген сенімінің төмен деңгейі байқалады, мұны әлеуметтік сауалнамалардың деректері растайды. Sputnik Қазақстан деректері бойынша тәуелсіз сарапшылар жүргізген зерттеу (2017 жыл) Қазақстанның барлық

өңірлерінде қарапайым адамдардың ПО-ға және жалпы құқық қорғау жүйесіне деген сенімінің жыл сайынғы төмендеуін көрсетеді, бұл мынадай нәтижелерде көрініс табады: Қазақстан Республикасының (бұдан әрі ҚР) әрбір екінші азаматы туған жерінде өзін аз қорғалған сезінеді [3].

Сонымен қатар, ҚР ПО жанындағы ПО қызметі мәселелері жөніндегі Қоғамдық кеңес мүшелерінің деректері бойынша (2017 жыл) азаматтардың полицияға да, барлық құқық қорғау органдарына да сенімінің төмен көрсеткіштері байқалады. Жалпы, олардың деректері бойынша сенім деңгейі шамамен 50% құрайды. Бұл ретте сұралғандардың әрбір үштен бірі (40% - ға жуығы) Қазақстанның құқық қорғау жүйесі мемлекет мүддесі үшін жұмыс істейді деп есептейді, олардың 30% - ы жүйенің өзінің мүддесі үшін, ал 25% - ы шенеуніктер мен элита мүддесі үшін жұмыс істейді деп есептейді [3]. Олар ПО деген сенімнің төмен деңгейінің негізгі себептерін атайды: коммуникацияның болмауы, этикалық нормалардың төмендігі және заңнамалық және нормативтік нормалар туралы білімнің төмендігі .

Салыстыру үшін, саяси шешімдер институтының әлеуметтанушылары атап өткен 2018 жылы қандай нәтижелер болғанын көрсетеміз: 2304 адамның (Қазақстанның Республикасының 16 қаласынан) – 38% - ы күш құрылымдарына сенбейтіндерін айтты; сұралғандардың 56,8% - ы мемлекет тарапынан қорғалатынына сенімді емес деп жауап берді [2]. Респонденттердің 24% - ы жеке басының қауіпсіздігі мен жақындарының қауіпсіздігіне қауіп төндіреді (23% жауап беруге қиналады) және ол өзін қауіпсіз сезінбейді - тек 53 %. сұралғандардың тек 15,7% - ы ғана мемлекеттің оларды лаңкестік әрекеттерден және түрлі қақтығыстардан (ұлтаралық немесе конфессияаралық) қорғау қабілетіне толық сенімді. Сенімді емес, бұл – 26.5% - ға, ішінара сенімді - 43,2%, 14,6% респондент жауап беруге қиналамын[4].

Осыған сүйене отырып, соңғы бес жылдағы жағдай айтарлықтай өзгермегенін атап өтуге болады. Сонымен қатар, бұл жүйеде сыбайлас жемқорлық жағдайлары және ПО органдары азаматтық қоғам үшін әлі де ішінара қол жетімді емес екендігі байқалады.

Шамамен дәл осындай көрсеткіштерді біз көршілес Ресейде де атап өтеміз. «Левада-центр» әлеуметтік сауалнамасының деректері бойынша 2017 жылы полиция жұмысына қанағаттанғандардың 46% – ы, 2018 жылы-36% - ы, ал 2019 жылы азаматтардың тек 27% - ы құқық қорғау органдарының жұмысына оң баға берген. [5].

Сонымен қатар, әлеуметтік сауалнамаға, ПО және құқық қорғау органдарының басқа түрлеріне сенім артуға толық болмайды, өйткені әлеуметтану нормаларына сәйкес: халықтық ұнатпау немесе сүйіспеншіліктің барлық нюанстарын ескеру мүмкін емес. Сенім деңгейі күрделі құбылыс болғандықтан және көптеген факторларға байланысты. Мұндай тұжырым бір елдерде, әртүрлі зерттеушілер бір уақытта жүргізген зерттеу нәтижелері әдетте айтарлықтай ерекшеленетіндігімен расталады. Кейбір жағдайларда, сауалнаманың бірінші тақырыбы барысында әлеуметтанушылар бір-біріне қарама-қайшы немесе өзара ерекше жауаптарды атап өтеді.

Финляндияның ішкі істер министрлігіндегі зерттеулер таңқаларлық нәтижелер болып табылады, оған сәйкес финдердің 25% - ы сыбайлас жемқорлық полицияда бар деп санайды, әр алтыншы фин полиция қызметкерлері ұсталғандарға әдепсіз қарайды деп мойындайды. Сонымен қатар, Финляндияда азаматтардың 94% - ы қоғамдық бірлестіктер жүргізген басқа әлеуметтік сауалнамаға сәйкес полицияға үлкен сенім артады.

Жалпы, тұрғындардың 72% - ы Батыс Еуропа елдеріндегі құқық қорғау органдарына сенеді. Тек Греция бұл жоғары көрсеткіштерге сәйкес келмейді, онда халықтың тек 40% - ы полицияға сенеді [6].

Шет елдердің озық тәжірибесін зерттеу көрсеткендей, халықтың сенім деңгейі әлемнің бірқатар дамыған елдерінде құқық қорғау қызметінің жұмысын бағалаудың негізгі өлшемі болып саналады. Сенімді арттыру үшін бірқатар елдердің полицейлері жұмыс уақытының едәуір бөлігін жұмсайды. Айта кету керек, дамыған елдерде полиция қызметкерлері балабақшадан бастап барлық деңгейде жұмыс істей бастайды. Сонымен қатар, мұндай жұмыстың басты мақсаты-полиция қызметкері жау емес, қиын уақытта әрдайым көмекке келетін нағыз дос екенін көрсету.

Халықтың ПО-ға деген сенімінің мысалы адамдардың құқық қорғау органдары қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне реакциясы болып табылады. Мұндай тәжірибені АҚШ-тың Массачусетс штатының Бостон қаласында, марафон кезінде жарылыстар жасаған террорист деп санауға болады, бұл адамдар күдіктіні қамауға алу туралы хабарды, күшті қол шапалақтап, құқық қорғау органдары мен полиция қызметкерлеріне алғыс айтқандығымен расталды. Бостондағы жол бойында адамдар қол шапалақтап, қылмыс орнынан оралған полиция көліктері жасаған ерекше тірі дәліз болды [7].

Эстондық әлеуметтанушы Ирис Петтайдың айтуынша (Turu-uuringute as материалдары бойынша), Қоғамның Ішкі істер органдарына немесе нақты полицияға деген сүйіспеншілігінің себебі оқиғалардың өздері емес, көбінесе қоғамда, бұқаралық ақпарат құралдарында жаппай PR науқаны. Жиі ресми түрде жасайды келген полиция ресми түрде батырлар, ұлт, нәтижесінде олар марапатталды билікті немесе халық.

Заңнамалық нормаларға сәйкес, қоғамда өзін таныту үшін полиция, әсіресе жергілікті полиция, қоғаммен тұрақты диалог жүргізіп қана қоймай, оны құқық тәртібі мен заңдылықты қамтамасыз ету бойынша өзара іс-қимылға барынша белсенді түрде тартуы тиіс. Батыс Еуропаның көптеген елдерінің билігі дәл осындай ұстанымды ұстанады. Барлық осы мәселелер, соның ішінде этикалық нормалар заңмен бекітілген. Полиция қызметкерінің этикасы Бірікке Ұлттар Ұйымы (бұдан әрі -БҰҰ) Бас Ассамблеясының қарарымен 1979 жылы құқықтық тәртіпті сақтау жөніндегі лауазымды тұлғалардың мінез-құлық кодексі ретінде бекітілді [8].

Сонымен қатар, қоғамның көз алдында ПО тиімділігін арттырудың маңызды және кең таралған түрі-бұл таза құқық қорғау функцияларын орындаумен айналысатын азаматтық қоғамдастық адамдарының санын көбейтуге бағытталған серіктестік. Мысалы, Германияда мұндай жұмысқа

азаматтардың қоңырауларын қабылдауға бағытталған құқық қорғау қызметіндегі жұмыс, әдетте азаматтық персонал орындайтын ақпараттық-талдау бөлімдеріндегі жұмыс кіреді. Сондай-ақ оларға болашақ ПО қызметкерлерін даярлайтын оқу орындары, сондай-ақ ішкі және сыртқы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, ПО үй-жайларын жинауға және оларға қызмет көрсетуге және т. б. байланысты жұмыстарды орындайтын коммерциялық кәсіпорындар жатады.

Осыған байланысты әлемдік көшбасшылардың бірі-азаматтармен өзара әрекеттесудің әдістері мен нысандары, оларды құқық қорғау процесіне тарту бойынша бірінші болып танылған Ұлыбритания полициясы. Мысалы, Ұлыбританияда кез-келген полиция бөлімшесінде кез-келген азамат полиция қызметкерінің әрекеттеріне шағымдана алатын тәуелсіз сараптама бюросы бар. Бұл ретте әрбір полицей мундирде тегі, аты және лауазымы бар бейдж тағуға міндетті. Ұлыбритания полициясының погондарында олардың жеке нөмірлері көрсетілген.

Айта кету керек, шетелдік тәжірибені және Қазақстандағы азаматтық қоғамның талаптарын ескере отырып, Құқық қорғау органдарының реформасы жүргізілуде. Осы тұрғыдан алғанда, қоғамның сенім деңгейін арттыру мақсатында жүргізілетін ҚР ПО құқық қорғау қызметін құқықтық реттеуді жетілдіру үшін ұлттық құқық нормаларын әлемдік стандарттарға келтіруге көп көңіл бөлінді, бұл жаңа құқық нормалары мемлекет қойған стратегиялық мақсаттар мен жедел міндеттерге қол жеткізуді қамтамасыз ететіндіктен, заңнаманы өзгертуді талап етті. Мұндай заңнамалық, тұжырымдамалық және бағдарламалық нормалар:

2014 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасының ішкі органдары туралы» Заң;

«Құқық қорғау қызметі туралы» Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

Құқық қорғау органдарының кадр саясатының тұжырымдамасы [9];

Ұлт жоспары - бес институционалдық реформаны іске асыру жөніндегі 100 нақты қадам [10].

Мұндай тәсіл жоғарыда атап өткен 2018-2022 жылдарға арналған құқық қорғау жүйесін одан әрі жаңғыртуға бағытталған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламасында бар проблемаларды шешуге және қойылған мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған. Сонымен қатар, Ұлт жоспары " 100 нақты қадамдар " біздің еліміздің дамуына, сондай-ақ ПМ дамытуға қатысты алғашқы үш қадам бөлінді. Қазақстан Республикасының құқықтық мемлекетін құрудағы құқық қорғау органдарының жауапкершілігі мен рөлін, елдегі демократиялық үдерістер дамуының жоғары қарқынын, сондай-ақ мемлекеттің жұмыс істеуінің жаңа саяси және экономикалық жағдайларын, халықтың әлеуметтік әл-ауқатының өсуін және т.б. елеулі түрде күшейтетінін негізге ала отырып. Сонымен қатар, қоғамда да, құқық қорғау органдарында да көптеген өзекті мәселелер бар. Сонымен қатар, құқық қорғау органдарының өкілдері тарапынан заңдылықты, азаматтардың құқықтары мен

бостандықтарын бұзушылықтар байқалады, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің әрекеттерінде кәсібилік пен сыбайлас жемқорлық көріністері орын алған. Осының барлығы халықтың қоғамдық қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге шақырылған органдардың өкілдеріне деген сенімін едәуір төмендетеді және одан әрі қайта құруды талап етеді [11].

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Дикажев М.М. Правовое регулирование прохождения правоохранительной службы сотрудниками органов внутренних дел: проблемы организационно-правового и методологического характера. – СПб., 2006 // <http://www.dissercat.com/content/pravovoe-regulirovanie-prokhozheniya-pravookhranitelnoi-sluzhby-sotrudnikami-organov-vnutre>
2. Қазақстан Республикасының құқық қорғау жүйесін одан әрі жаңғыртудың 2014-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2013. // <http://prokuror.gov.kz/rus/>
3. Қарапайым адамдардың Қазақстандағы құқық қорғау жүйесіне деген сенім деңгейі жыл сайын төмендеп келеді // Аналитика. Тамыз, 2017 // <http://dailynews.kz/>
4. Почти треть опрошенных казахстанцев не доверяют информации силовиков. Апрель 2012 г. // https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/tret-oproshennyih-kazahstantsev-doverayut-informatsii-221353/
5. Процент доверия // Российская газета. Федеральное издание. – 2017. - 8 ноябрь // <https://rg.ru/2017/11/07/>
6. Шетелдік тәжірибе: олар полицияны не үшін жақсы көреді және жек көреді // <http://oficery.ru/security/4403> 2018
7. Түрік Н. Құқық қорғау органдарын жаңғырту: сенім индексі. - <https://www.zakon.kz/4560314-modernizaciya-pravookhranitelnykh.html> 2018
8. Доверие к полиции небывало возросло: это иллюзия или просто обман? // <http://rus.delfi.ee/archive/doverie-k-policii-nebyvalo-vozroslo-eto-illyuziya-ili-prosto-obman?id=17908610> 2018
9. Құқық тәртібін сақтау жөніндегі лауазымды адамдардың мінез-құлық кодексі. БҰҰ Бас Ассамблеясының 1979 жылғы 17 желтоқсандағы 34/169 қарарымен қабылданды <http://www.un.org/ru/documents/>
10. Құқық қорғау органдарының кадр саясатының тұжырымдамасы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 72 Жарлығы // <https://online.zakon.kz/Document>
11. Ұлт жоспары - Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Бес институционалдық реформасын іске асыру жөніндегі 100 нақты қадам (2015 жылғы мамыр) // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31977084

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КӘСІПТІК БАҒЫТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОҚУ-ЗЕРТТЕУ ІС-ӘРЕКЕТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Турсумбаева Н.Ж.

кәсіби- психологиялық даярлық және ПО басқару кафедрасының
аға оқытушысы, полиция капитаны
Қазақстан Республикасы ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы

Білім алушылардың кәсіптік бағыттылығын қалыптастыруға ықпал ететін оқу-зерттеу іс-әрекетін ЖОО-да ұйымдастырудың педагогикалық шарттарын анықтауда, біз оқу іс-әрекетін тиімді етіп қана қоймай, қатысушыларға субъективтік қанағаттану әкелетін әрекетке бағытталған оқу-зерттеу іс-әрекетінің аудиториядағы сабақта және аудиториядан тыс уақытта ұйымдастырылатын тиімді бағытын таңдауға тырыстық.

Білім алушылардың кәсіптік бағыттылығын қалыптастыруға ықпал ететін оқу-зерттеу іс-әрекетін педагогикалық ЖОО-да ұйымдастырудың педагогикалық шарттарын қарастырмас бұрын, «шарт», «педагогикалық шарттар» ұғымдарына талдау жасап көрелік. Ғылыми әдебиеттерге талдау жасау нәтижесінде аталған ұғымдарға анықтама беруде түрлі тәсілдер бар екендігін анықтадық.

Анықтамалық әдебиеттерде «шарт» ұғымын:

- 1) әлденеге әсер ететін жағдай;
- 2) өмірдің белгілі бір аясында, іс-әрекетте белгіленген ережелер;
- 3) әлдене өтіп жатқан жағдай ретінде анықтайды [1, б. 9].

Д.Н. Ушаковтың «Орыс тілінің түсіндірме сөздігінде» «шарт» - өмірдің белгілі бір аясына, іс-әрекетке белгіленген ереже; өзге нәрсенің болуына, орындалуына себепкер, өзге нәрсені дәйектейді деп анықталады [2].

Психологияда «шарт» ұғымы психикалық даму мәнмәтінде көрсетіледі және адамның психологиялық дамуын анықтайтын, оны жеделдететін немесе тежейтін, даму үдерісіне, динамикасы мен нәтижесіне әсер ететін сыртқы және ішкі себептердің жиынтығы арқылы ашылады.

Педагогтар да психологтардың көзқарасын қолдап, шартты адамның дене құрылысын, адамгершілігін, психикасын дамытуға, оның мінез-құлқына, тәрбиесі мен білім алуына, тұлғаның қалыптасуына әсер ететін табиғи, әлеуметтік, сыртқы және ішкі ықпалдың ауыспалы жиынтығы ретінде қарастырады [1, б. 9].

Сонымен, жасалған талдау нәтижесінде, «шарт» ұғымы жалпы ғылыми ұғым болып табылады және де оның мазмұны педагогикалық аспектіде бірқатар ережелер арқылы сипатталуы мүмкін:

1. Шарт бұл себеп-салдарлардың жағдайлардың, қандай да бір объектілердің және т.б. жиынтығы.

2. Көрсетілген жиынтық адамның дамуына, тәрбиесі мен білім алуына әсер етеді.

3. Шарттардың әсерінен даму үдерісі тежелуі немесе жеделдеуі мүмкін, сондай-ақ оның динамикасы мен түпкі нәтижесіне әсер етуі мүмкін.

Біздің мақаламыз үшін педагогикалық шарттарға тән ерекшеліктерді қарастыру маңызды болып табылады. Н. Ипполитова мен Н. Стерхова [2] өз зерттеулерінде «педагогикалық шарттарды» 3 түрлі бағытта қарастырады:

Бірінші бағыт бойынша, педагогикалық шарттар – бұл педагогикалық әсер етудің қандай да бір шамаларының жиынтығы және материалдық-кеңістіктік ортаның мүмкіндері ретінде қарастырылады:

- оқыту мен тәрбиелеудің ұйымдастыру формалары, әдіс-тәсілдері, мазмұны мен өлшемдері;

- қойылған міндеттерді шешуге бағытталған мазмұн, формалар, әдіс-тәсілдер, құралдар мен материалды-кеңістіктік ортаның объективті мүмкіндіктерінің жиынтығы;

- педагогикалық үдерістің өлшемдерінің жиынтығы.

Екінші бағыт бойынша, педагогикалық шарттар педагогикалық жүйенің компоненті және оның құрылымын жасауға қатысушы ретінде қарастырылады:

- педагогикалық жүйенің компоненті;

- педагогикалық жүйенің компоненттерінің бірінің мазмұнды сипаттамасы(мазмұны, ұйымдастыру формалары, оқыту құралдары және оқытушы мен білім алушылар арасындағы өзара қарым-қатынас ретінде қарастырылады).

Үшінші бағыт бойынша, педагогикалық шарттар – бұл оқыту үдерісінің тұрақты байланысы ретінде заңдылықтарды айқындайтын жоспарлы жұмыс, сондай-ақ ғылыми-педагогикалық зерттеуді тексеруге мүмкіндік береді.

Н.М. Борытко «педагогикалық шарттар» ұғымын «үрдістің өту қалпына елеулі түрде әсер ететін, бірақ нәтижеге кепілдік бермейтін педагог қиыстырған сыртқы жағдай» деп анықтайды [3].

Педагогикалық шарттар – бұл ішкі мазмұны мен құбылысы біртұтас сыртқы факторлардың жиынтығын құрайтын тұлғаның дамуына ықпал ететін үдеріс [4, б. 47].

Берілген анықтамаларды қорытындылай келе, біз мақаламызда педагогикалық шарттарды білім алушылардың кәсіптігін қалыптастыруға ықпал ететін педагогикалық үдерістегі өзара байланысқан шамалардың жиынтығы ретінде қарастырамыз. Сондай-ақ, педагогикалық шарттарды айқындауда қажетті және жеткілікті шарттардың толық жиынтығын анықтау маңызды болып табылады.

Біз мақаламыздың мақсатына қол жеткізу үшін білім алушылардың кәсіптік бағыттылығын қалыптастыруға ықпал ететін оқу-зерттеу іс-әрекетін педагогикалық ЖОО-да ұйымдастырудың педагогикалық шарттарын анықтадық:

1. Білім алушылардың кәсіптік бағыттылығын қалыптастыруға ықпал ететін оқу-зерттеу іс-әрекетін алғашқы оқу курсынан бастап жүзеге асыру.

2. Білім алушылардың бойында зерттеу біліктерін қалыптастыру мақсатында ғылыми үйірмені ұйымдастыру.

3. Педагогикалық қасиеттердің компоненттерінің бірі болып табылатын шығармашылық және зерттеушілік мәдениетін қалыптастыруға ықпал ететін оқыту түрі – жобалау әдісін қолдану.

Білім алушылардың кәсіптік бағыттылығын қалыптастыруға ықпал ететін оқу-зерттеу іс-әрекетін ЖОО-да ұйымдастырудың әр бір педагогикалық шарттын қарастырып өтейік.

Бірінші педагогикалық шарт білім алушылардың кәсіптік бағыттылығын қалыптастыруға ықпал ететін оқу-зерттеу іс-әрекетін алғашқы оқу курсынан бастап ұйымдастыру қажеттігімен байланысты.

Екінші педагогикалық шарт білім алушылардың ғылыми-зерттеу іс-әрекетінің мазмұнын, кезеңдерін, құрылымын меңгеріп, зерттеу біліктерін қалыптастыруға ықпалын тигізетін ғылыми үйірмені ұйымдастырумен байланысты. Ғылыми үйірмелер білім алушылардың ерікті педагогика және психология кафедрасының жанында құрылатын ұйымы болып табылады.

Үшінші педагогикалық шартқа білім алушылардың кәсіптік бағыттылығын оқу-зерттеу іс-әрекетінің бағытының бірі – жобалау әдісі арқылы қалыптастыру. Жобалап оқытудың негізіне «жоба» ұғымының мағынасын құрайтын ой негіз етіп алынған.

Алдымен жоба терминіне тоқталып өтейік. Жоба – бұл:

- белгілі бір ережеге сәйкес шындықтың қандай да бір аумағын қайта құру ниеті. Латын тілінен аударғанда «жоба» сөзі «алдында жүретін» мағынасын білдіреді;

- құрылыстың, конструкцияның, үдерістің, іс-шараның, бір нәрсені дайындаудың құрастырылған жоспары. Бұл жағдайда «жоба» болашақ нысананың біртұтас көрінісі, белгілі бір «жоспарлау» іс-әрекетінің нәтижесі болып саналады;

- қандай да бір құжаттың алдын ала дайындалған, болжаулы мәтіні;

- алға қойған мақсаты бар біркелкі өзіндік ірі бастауларды, нақанды, істі іске асыру бойынша адамдардың бірлескен іс-әрекетінің білгілі бір ұйымдасқан формасы;

- ұйымның атауы. Іскерлік жобаларды дайындау барысында уақытша ұйым құрған түрлі мамандар қатысуы мүмкін. Мұндай ұйымды жиі «жоба» деп атайды [5, б. 139].

Н.В. Матяштың пікірі бойынша, «жоба – бұл шамаланған немесе ықтимал нысананың, жағдайдың кемшіліксіз нұсқасы, түпнұсқасы, кейбір жағдайда әлдебір іс-әрекеттің түпкі ойы, жоспары» [6, б. 128]. Білім жобасы – бұл белгілі бір уақыт аралығында (бір сабақтан бірнеше айға дейін) білім өнімін алуға бағытталған білім алушылардың іс-әрекетінің түрлі түрі мен формасын қамтыған сабақты ұйымдастырудың формасы. Жобалау әдісінің пайда болу тарихына көз жіберсек, жобалау әдісін дамытудың бастауларында Д.Дьюи мен оның ізбасарлары - Э.Коллингс, В.Кильпатрик секілді педагогтар болғанын анықтаймыз. Американ философы және педагогы, прагматизм

философиялық ағымының өкілі Д.Дьюидің теориялық тұжырымдамалары американ педагогтары У.Килпатрик пен Э.Коллингстың жобалау әдісін дамытуға негіз болды. Килпатриктің берген анықтамасы бойынша «жоба белгілі бір мақсатты көздеген шын жүректен жасалған әрекет». Жобалау әдісі ХХ ғасырдың бас кезінде АҚШ-та кең қолданысқа ие болды. Жобалау әдісі алғашында жалпы білім беретін мектептер мен жоғары оқу орындарындағы дәстүрлі оқытуға қарсы бағытталған бағдарлама ретінде қарастырылды.

Жобалау идеялары Еуропада алпысыншы, жетпісінші жылдары «альтернативтік мектеп» немесе альтернативтік оқыту түрлерін енгізу туралы пікірталас кезінде қолдау табады.

Жобалау әдісі кеңес педагогтарын да қызықтырды. 1905 жылы орыс педагогы С.Т.Шацкийдің басшылығымен жобалау әдісін дәріс беру уақытында қолдануға әрекет еткен мұғалімдер тобы құрылды. Кейін бұл идея мектептерге енгізіле бастады. Бірақ дұрыс құралмағандығынан қолдану аясынан шықты.

Қазіргі кезде жобалау әдісі көптеген педагог ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылған: Г.К. Селевко, И.П. Подласый, Е.С. Полат, М.В. Кларин, М.Р. Ковжасарова, П.В. Степанов, А.К. Кусаинов, Г.Ш.Альназарова.

Педагогикада «жобалау әдісі» ұғымымен қатар, «жобалап оқыту» және «жобалап оқыту технологиясы» секілді терминдер қатар қолданысқа ие.

Жобалап оқыту (жобалап оқыту технологиясы) проблемалық оқытудың идеяларының дамыған түрі болып табылады. Ол білім алушының оқытушының жетекшілігімен құрастырып жасаған субъективті немесе объективті жаңалыққа ие, практикалық маңызы бар жаңа өнімдеріне негізделген.

Жобалау – бұл мәселенің шешімін табуға және қоршаған ортада (табиғи және жасанды) өзгерісті іске асыруға мүмкіндік беретін мақсатты іс-әрекеті [6, б. 140].

Педагогикалық әдебиеттерде жобалау әдісі оқу іс-әрекетінің субъектілері болып табылатын білім алушылар мен оқытушының өзара әрекеті мен өзара қарым-қатынасы барысында білім игеріп, ептілік пен дағдыны қалыптастыру тәсілі ретінде ұғынылатын интерактивті оқыту технологиясы ретінде қарастырылады.

Е.С. Полат өз еңбегінде жобалау әдісін «белгілі бір нұсқа бойынша ресімделген, нақты, айтарлықтай практикалық нәтижемен аяқталған мәселені детальді түрде жасау арқылы дидактикалық мақсатқа қол жету тәсілі» ретінде анықтайды [7].

Қазақстандық ғалымдар арасында жобалап оқытуды Э.О. Сағындықова, Г.С.Беркенова зерттеген. Г.С.Беркенова «Қазіргі білім беру технологиялары» атты оқу құралында жобалап оқыту «бұл оқушылардың жоспарлау және күрделене беретін тапсырмаларды орындау арқылы меңгеретін білімі» деп анықтама берген [8, б. 32].

Білім жобасының ақырғы қорытындысы белгілі бір білім нәтижесі болуы тиіс. Берілген білім өнімі практикалық немесе теориялық маңызы бар

мәселенің шешімінің нәтижесі болып табылады. Нәтиже, «сезілетіндей» болуға тиіс, яғни егер теориялық мәселе болса – оның нақты шешімі, егер практикалық – ендіруге дайын нақты нәтиже. Жобалау негізінде жаңа информация меңгеріледі, алайда бұл үрдіс белгісіздік аясында жатқандықтан, осы мақсат үшін әр түрлі аймақтан білімді тарта отырып ұйымдастыру, үлгілеу керек.

Жобалап оқыту жүйелеп ойлауды, білімді өз бетінше әдебиеттерге теориялық талдау нәтижесінде алуға, тәжірибе жүзінде қолдануға, өзін-өзі бағалауға, коммуникативті және зерттеу біліктерін қалыптастыруға ықпалын тигізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ишполитова Н., Стерхова Н. Анализ понятия «педагогические условия»: сущность, классификация // General and Professional Education. – 2012. - № 1. – С. 8-14.

2. Бондарчук Т.В., Абдуллин А.Г. Педагогические условия активизации учебно-исследовательской деятельности как средства развития творческого потенциала младших школьников // Современные исследования социальных проблем (электронный научный журнал). – 2012. - №11(19).

3. Ефименко Е.А. Педагогические возможности формирования духовно-ценностной сферы личности студентов // Известия Российского государственного педагогического университета им. А.И.Герцена. – 2008. – №11. – С. 233-236.

4. Шалин М.И. Организационно-педагогические условия развития конкурентоспособности личности старшеклассника / М.И. Шалин // Теория и практика образования в современном мире: материалы III междунар. науч. конф. (г. Санкт-Петербург, май 2013 г.). — СПб.: Реноме, 2013. — С. 47-49.

5. Селевко Г.К. Энциклопедия образовательных технологий: В 2-х т. Т. 1. - М.: НИИ школьных технологий, 2006. - 816 с.

6. Матяш Н.В. Психология проектной деятельности школьников в условиях технологического образования / под ред. В.В.Рубцова. – Мозырь: РИФ «Белый ветер», 2000. – 286 с.

7. Полат Е.С. Новые педагогические информационные технологии в системе образования / под ред. Е.С. Полат. – М.: Академия, 2000. – С. 67.

8. Беркенова Г.С. Қазіргі білім беру технологиялары: оқу құралы. – Қостанай, 2012. – 93 б.

9. Айдархан Ж.Ж. Оқу-зерттеу іс-әрекеті білім алушылардың кәсіптік бағытталуының құралы ретінде. – Қостанай, 2014. – 73 б.

APPLICATION OF INTERACTIVE TEACHING METHODS IN DEPARTMENTAL UNIVERSITIES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

